



Электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 маусымдағы № 795 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 475 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.06.2015 № 475 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 4-бабының 22) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министри

K. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметіндік

2012

жылғы

15

маусымдағы

№

795

қаулысымен

бекітілген

Электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету тәртібін айқындауды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі үғымдар мен анықтамалар пайдаланылады :

1) жүйелік оператор – орталықтандырылған оралымды-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмысты қамтамасыз етуді, энергия жүйесінде тенгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерінен қосалқы көрсетілетін қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша беруді, оған техникалық қызмет көрсетуді және оны пайдалануға әзірлікте ұстап тұруды жүзеге асыратын ұйым;

2) Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесі - Қазақстан Республикасының тұтынушыларын сенімді және сапалы энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ететін электр станцияларының, электр беру желілері мен қосалқы станциялардың жиынтығы;

3) электр берудің қайталауши (шунттауши) желілері – ұлттық электр желісінің қолданыстағы электр жеткізу желілеріне қосымша Қазақстан Республикасының электр энергиясы нарығының субъектілері салған және қолданысқа енгізілген, олар бойынша субъектілердің санаттылығына сәйкес және ұлттық электр желісінде ағынның таралуын өзгереттін, нормаланған электр энергиясы сапасымен және сенімділік көрсеткішімен бірге электр энергиясының ағыны жүзеге асырылған электр беру желілері;

4) реттеуші орган – табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

5) уәкілетті орган – электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

6) ұлттық электр желісі – қосалқы станциялардың, тарату құрылғыларының, кернеуі 220 киловольт және одан жоғары аймақаралық және (немесе) мемлекетаралық электр беру желілерінің және электр станцияларының электр энергиясын беруді жүзеге асыратын электр беру желілерінің жиынтығы, олар жекешелендіруге жатпайды және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастырын тәртіппен және шарттармен ұлттық компанияға беріледі;

7) электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен тұрақтылығы – авариялық жағдайлар пайда болған кезде тұтынушылардың басым көпшілігін қоректендіруді қамтамасыз ету немесе электрмен жабдықтауы энергия жүйесінің қалыпты жұмыс режимін бұзу процесінде үзіліп кеткен тұтынушылар бөлігін қоректендіруді қалпына келтіру үшін қажетті негізгі желінің бірыңғайлышының сақтай отырып, электр жүйесінің авариялық жағдайларға қарсы тұру қабілеті;

8) электрмен жабдықтаудың сенімділігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетулер - жүйелік оператордың тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігінің және тұрақтылығының шарттық талаптарын қамтамасыз ету мақсатында атқаратын ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешені.

2. Электрмен жабдықтаудың сенімділігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету тәртібі

3. Жүйелік оператордың қайталаушы/шунттаушы электр беру желілерін салған электр энергиясы нарығының субъектілерін электрмен жабдықтау сенімділігі мен тұрақтылығы бойынша қызмет көрсету:

1) Қазақстанның бірыңғай электр энергетикалық жүйесі электрлік қосылыстар схемаларын тұластай және оның маусымдық мезгілдерге тән жекелеген бөліктерін таңдауды;

2) қайталаушы (шунттаушы) электр беру желілерін салған және пайдаланатын тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін ұлттық электр желісінің қолданыстағы электр беру желілерін тиісінше техникалық жағдайда ұстауды;

3) жүйелік оператордың диспетчерлік орталықтары бақылайтын желілердегі кернеуді реттеуді және электр желілерінің бақылау нұктелеріндегі кернеу кестесін өзірлеуді;

4) бірыңғай электр энергетикалық жүйеде технологиялық бұзушылықтардың алдын алу және оқшаулау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу мен жүзеге асыруды;

5) ұлттық электр желілерінің өткізу қабілетін басқаруды;

6) жалпы жүйелік аварияға қарсы автоматиканы әзірлеуді және енгізуді, релелік қорғау және аварияға қарсы автоматика құрылғыларының пайдаланылуын бақылауды, оларды баптау параметрлерін келісуді;

7) төтенше, дүлей құбылыстардың немесе үшінші тұлғалардың әсер етуі нәтижесінде авариялық бүлінулерді жедел оқшаулауды және кейіннен жоюды;

8) Қазақстанның бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің іргелес мемлекеттердің энергетикалық бірлестіктерімен қатарлас жұмыс жағдайында электр энергиясының ағындарын басқаруды;

9) электрмен жабдықтаудың сенімділігін және тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған жедел өкімдер беруді білдіреді.

4. Электрмен жабдықтаудың сенімділігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету жүйелік оператор мен электр энергиясы нарығының субъектілері арасында жасалатын шарттардың негізінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

5. Электрмен жабдықтаудың сенімділігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қызметтерге арналған шарт қызмет көрсету тәртібі мен талаптарын, сондай-ақ осы қызмет көрсетулер үшін ақы төлеу тәртібі мен талаптарын, тараптардың шартта көзделген талаптарды орындағаны үшін жауаптылықты,

сондай-ақ мына талаптарды қамтуы тиіс:

1) жүйелік оператордың электрмен жабдықтаудың сенімділігін және тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған өкімдерін, сондай-ақ жүйелік оператордың автоматты жиілік жүктемесінің, жиіліктік автоматты қайта қосудың, жүктемені ажыратудың арнайы автоматикасының көлемдері мен құрылғылары бойынша өкімдерін орындау;

2) қосалқы станциялар мен желілердің негізгі жабдықтарын, релелік қорғау, аварияға қарсы автоматика құрылғыларын, диспетчерлік-технологиялық басқару құралдарын жөндеуге арналған өтінімдерді пысықтау кезінде жүйелік оператордың берген өкімдерін іске асыру;

3) электр энергиясын өндіру, беру және тарату кезінде технологиялық бұзушылықтардың алдын алуға және оқшаулауға бағытталған жүйелік оператордың өкімдерін орындау;

4) жүйелік оператордың диспетчерлік орталықтың жедел басқаруындағы бастапқы жабдықтарды, релелік қорғау, автоматика және аварияға қарсы автоматты құрылғыларды, телемеханика мен байланыс құралдарын пайдалану жөніндегі өз персоналдының іс-әрекетін үйлестіру.

6. Электрмен жабдықтаудың сенімділігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша көрсетілген қызмет үшін ақы төлеуді осы қызметтерді тұтынушылар қызмет көрсету шартының талаптарына сәйкес олардың тұтынған электр энергиясының нақты мөлшері тұрғысынан жүргізіледі.

7. Көрсетілген қызметтер үшін төлемақы мөлшері белгіленген тарифті электр энергиясын тұтыну жүзеге асырылған желілердің кернеу сыныбы мен тиесілілігіне қарамастан, электр энергиясын жеткізудің-тұтынудың нақты теңгерім деректері бойынша анықталған электр энергиясының көлеміне көбейту жолымен айқындаады.

8. Жүйелік оператор электрмен жабдықтаудың сенімділігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету және осы қызмет көрсетуге арналған шарттармен, осы Қағидалармен және басқа да нормативтік құқықтық актілермен көзделген өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру көзінде:

1) бірыңғай электр энергетика жүйесінің тұрақтылығына қойылатын талаптарды қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды әзірлеуді және келісуді;

2) бірыңғай электр энергетикалық жүйесіне қосылған субъектілердің релелік қорғау және автоматика, аварияға қарсы автоматика құралдарын орналастыру және орнату, сондай-ақ оларды ретке келтіру параметрлерін өзгерту жөніндегі нұсқауларды орындау мониторингін жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК